

Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

5 сентябрь

Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Ауылшаруашылық жөніндегі басты міндет алдағы уақытта да барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті өндіру негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту болып қала береді.

(БК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның XIX съезінің ЦСРО-ны өркендетудің 1951- 1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» жобасынан).

ылған егізі

йымдастыруды жолшы мен бүтіндей ту жөніндегі күнде-із орындауын қамта

тұтас алғанда зиябүлдем қанағаттан-рап, облыста зияб-мүмкіншілікті жү-аруашылықтар жөк. Ондай шаруашылық, Сталин атындағы (Мамлют ауданы) Торангүл совхозы арымыз пар мен жылғы тәжірибелері етіп, кәзір бұл гін күн сайын мін-талған колхоздар ашылық басшыла-ары егін жыйнау ықты қауырт жү-н тығыз ұштасты

алық Комитетінің ия ұйымдарынан, шылық орындары-

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі Генералиссимус И. В. СТАЛИНГЕ

МОСКВА

Жапонияға қарсы соғыста жеткен жеңістің жеті жылдығына байланысты өз атымынан. Қытайдың Халық-Азаттық армиясы мен бүкіл қытай халқы атынан Сізге, Совет Одағының Қарулы Күштері мен бүкіл совет халқына жалынды сәлем жолдап, шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіз.

Жапонияға қарсы соғыста Совет Одағының қытай халқына көрсеткен зор көмегі және Совет Армиясының жапон армиясының басты күші—Квантун армиясын талқандауы қытай халқының Жапонияға қарсы соғыста түпкілікті жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. Совет Одағы Қытайды қалпына келтіру және орнықтыру ісінде қытай халқына туысқандық көмек көрсетуде, сөйтіп, қытай халқының күштерін тез арттырып, нығайтуға көмектесуде.

Кәзір, жапон милитаризмі тағы да қайтадан жанданып, Жапонияның агрессиялық күштері тағы да бас көтеріп отырған кезде Қытай мен Совет Одағының арасындағы мызғымас достық пен одақ Жапонияның немесе агрессиялық әрекеттер үшін Жапониямен бірігетін басқа мемлекеттің қай-қайсысының болса да тарапынан агрессияның қайталануына жол бермеудің берік кепілі, шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың берік кепілі болып табылады.


Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы мызғымас берік ұлы достық жасасын!

Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Председателі
МАО ЦЗЕ-ДУН

2 сентябрь 1952 жыл.

Қытай Халық Республикасы Орталық Халық
Үкметінің Председателі

Республикамызда



Павлодар облысындағы Таволжан тұз кәсіпшілігінде тұзды өндіру және тасу үшін комплексті әдісті қолдану ұйымдас-

Бұл—облыста зыб жырту жоспарының күні бүгінге дейін оннан бір бөлегі рет де орындалмай отырғандығына, Октябрь, Булаев, Преснов, Ленин аудандары колхоздарының зыб жыртуға шындап кіріспегендігіне бұдан әрі төзімділік жасауға болмайды деген сөз.

Сондықтан кәзір жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының, колхоз, совхоз және МТС басшыларының барлық ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдында зыб жыртуға күшпен өрістетуге, бұл іске колхоз және совхоз егіншілерін жаппай жұмылдыру мәжбүрлі түр. Ол үшін егіс және трактор бригадаларының жұмысын мейлінше жақ-

ды жаппай жұмылдыру болып саналады. Ал, МТС-тер мен совхоздардың партия және кәсіподақ ұйымдарының механизаторлар арасында зыб жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарысты кеңінен өрістетуге қажет. Социалистік жарыстың әсерлі болуына жетісу және дала қостарында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге —партия ұйымдарының, олардың үгітшілерінің өздеріне тән ісі.

Кәзір зыб жыртудың дер кезі. Сондықтан бұл жұмысқа колхоздар мен совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігі жұмылдырылып, жоспардың сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілетін болсын. Колхоздар мен совхоздардың және МТС-тердің, сол сияқты, барлық ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдында тұрған бүгін таңдағы басты міндеттердің бірі, міне, осы.

Карел-фин ССР К(б)П Орталық Комитетінің пленумы

ПЕТРОЗАВОДСК. 2 сентябрь. (СОТА). Карел-фин ССР К(б)П Орталық Комитетінің пленумы Карел-фин ССР К(б)П-ның кезекті III-съезі 1952 жылғы 22 сентябрьде шақырылысы деп қаулы алды.

Съездің күн тәртібі: БК(б)П Орталық Комитетінің жобаларын «Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжыл-

дық жоспары жөніндегі директиваларының» және «Партияның өзгертілген Уставының тексті» талқылау; Карел-фин ССР К(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасы; Карел-фин ССР К(б)П Тексеру Комиссиясының есепті баяндамасы; Карел-фин ССР К(б)П басшы органдарын сайлау; БК(б)П XIX съезіне делегаттар сайлау.

Оқытушыларды наградтау

Облыс оқытушыларының үлкен бір тобы көп жылдық және мінез еңбегі үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумының 1952 жылғы 23 августтағы Указы бойынша Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды.

ЛЕНИН орденімен наградталғандар: Петропавл қаласындағы № 3 орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі Надежда Васильевна Маракулина, Петропавл ауданы «Ақбас» совхозы жанындағы жетіжылдық мектептің директоры Вера Петровна Никифорова.

ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛТУ орденімен жеті адам наградталған: олардың ішінде облыстық

оқу бөлімінің мектеп инспекторы Н. М. Брагина, Петропавлдың № 3 жетіжылдық мектебінің мұғалимасы А. Е. Владимирцева, Конюхов ауданының Пролетар жетіжылдық мектебінің мұғалимасы М. М. Гудовищikov, Преснов ауданы Баян орта мектебінің мұғалімі Х. Иманов, Петропавл № 2 орта мектебінің мұғалималары: В. В. Калягина және Ф. М. Сергеева, Преснов ауданы оқу бөлімінің меңгерушісі П. Ф. Набоков бар.

«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» орденімен 6 адам, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 18, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен 55 адам наградталды.

бірге, біз,—деді Базик жолдас,—москвалықтардың шақыруын қызу қостаймыз, социалистік Отанымыздың онан сайын гүлденуіне лайықты үлес қосамыз.

Мартен цехының смена мастері Дәрібаев жолдас сөз алып, былай деді:

—Қаһарман совет халқы кәзір қуанышты күндерді басынан өткізуде. Ұлан-байтақ Отанымыздың барлық жерінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының еңбекшілері Ленин—Сталин партиясының съезіне тамаша тартулар әзірлеуде. Біздің завод коллективі де құрметті вахтаға тұруда. Кәзір болат балқытушылар болатты шапшаң қорытуда. Москвалықтардың үлгісі бойынша, сменамыз партияның XIX съезінің құрметіндегі бүкілхалықтық жарысқа қосылып, болатты шапшаң әдіспен қорытып, 5 октябрьге дейін жоспардан тыс 3850 тонна металл беруге міндеттеме алды. Барлық болатшылар мен прокатчиктерді көтеріңкі міндеттеме алып, съездің ашылуын лайықты сыйлықтармен қарсы алуға шақырамын.

Мінбеге прокат цехы бастығының орын басары Каньгин келіп, ол былай деді:

—БК(б)П XVIII съезінен бері 13 жылдан астам уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде еліміз зор табыстарға жетті. Съезд аралығындағы уақыттың ішінде Совет Одағының өнеркәсібі мықтап өсті, мыңдаған заводтар мен фабрикалар іске қосылды. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың өзінде өнеркәсіп өнімі 73 процент көбейді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық саласын онан сайын мықтап өркендету белгіленген.

—Мен барлық жұмысшыларды, инженер-техник қызметкерлерді, қызметшілерді бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындауды көздеген социалистік жарысты неғұрлым кең өрістетуге шақырамын, прокат цехы коллективінің атынан 9 айда 10 айлық жоспарды орындауға, елімізге жоспардан тыс 15 мың тонна прокат беруге серт беремін.

Теміртау металлургтері XIX съезді табыспен қарсы алуға республика өнеркәсібінің қызметкерлерін социалистік жарысқа шақырды.

(ҚазТАГ).

тілген Уставының жобасы совет халқының алдына коммунизм жолымен онан әрі алға басудың орасан зор перспективаларын ашып беріп отыр.

Өз Отанын патриоттық мақтан еткен сезімге, коммунист партиясына және халықтардың ұлы көсемі Сталин жолдасқа деген сүйіспеншілік және берілгендік сезімге бөленген еліміздің еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларын едәуір өсіру, әсіресе, еліміздің халық шаруашылығын үздіксіз өркендетудің негізі болып табылатын ауыр өнеркәсіптің күшті қарқынмен өркендетілуі көзделіп отырғанына қатты қуанады. Жаңа жоспар халықтың материалдық ал-ауқаты мен мәдениет дәрежесін онан әрі арттыруды қамтамасыз етеді, социализмнің өмірлік ұлы күшін бүкіл дүние жүзіне көрсетеді.

Есінші бесжылдық жоспар біздің еліміздегі бейбіт коммунистік құрылыстың сыпаттамасы болып табылады, совет халқының бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін нығайту жолындағы күресін бейнелейді.

Біз, қазақ металлургия заводуның жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері, партиямыздың XIX съезін жаңа өндірістік жеңістермен қарсы алуды көздеп, Москваның Н. В.

Бұл хат қазақ металлургия заводы жұмысшы техник қызметкерлері мен қызметшілерінің жыйна талқыланып қабылданды.

Партия съезін еңбектегі жаңа тақарсы алайық

КРАСНОДАР. (СОТА). Кубань—Совет Одағының ең астықты аудандарының бірі, озат егіншілік өлкесі болып саналады. Сталиндік төрт бесжылдық ішінде мұнда ауыл шаруашылығы мейлінше өзгерді.

Партияның XIX съезінің СССР Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары жобасының жариялануын өлкенің егіншілері асқан зор жігермен қарсы алды. Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда тарихи документтерге арналған әңгімелер өткізілуде.

Штейнгарт ауданының Максим Горький

және 15 мың

2. Өнімнің саты, материалда қуатын үнемдеу ралты азайту елион сом қаржы

3. Еңбек өнімі завод бойынша асыра орындайм

4. БК(б)П XIX заводты қысқы толық және ұлт

Бөтеріңкі совет ала отырып, біз, инженер-техник метшілері Қазақ қызметкерлеріне ги Коммунист п құрметіндегі совет өрістетуге, б мыздың қуатын кейте беру ісіне гімей жаңа үлес

Совет халқының дем берушісі жә Лениннің—Сталин сасын!

Біздің ұлы көс —туысқан және тың даңқы орта

атындағы ауылшы колхозшылары жұла қосында бесжы директивалардың зор ынтамен өзара

—Бұл документ совхоздар алдында нар көзін ашып от МТС-нің атақты ко дас.

Партияның алдағ метіне колхозшыла жаңа ұлғайтылған

МЫСЫ

ауылдағы саяси-үгіт

ауыл шар-
ауданы)
ың XIX
туралы
сы алып,
ауу үшін
ақ сала-
Колхозды
—еліміздің
табыла-
лу күнін
жолындағы
елі үлес

йымы қол-
аси -үгітті
ың күн
тік белсен-
Үгітшілер
дас съезд
анған га-
кенесін
егіс брига-
жұмыс істеу
газет оқу
аптада қол-
ығы да өз
дауыстап
партияның
еркендетудің
ған бесінші
і директи-
лері партия
жаңа бес-
нінде әлгі-
лер Сұраға-
Ыбыраев
әгімеге мү-

пары жөніндегі директивалары комму-
нистік қоғам орнату мерзімін жақындата-
тыны сөзсіз.

Мұнан кейін үгітші жаңа бесжылдықтың жоспары бойынша ауылшаруашылық дамыларының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын оған әрі көбейту және оның өнімділігін арттыру, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту жөніндегі шараларға тоқталды. Сонымен қатар, ол еңбекті көп қажет ететін күрделі жұмыстарды механикаландыру жаңа бесжылдықта қанша өріс алатынын айтты. Сөйтіп, үгітші әңгімеге қатысушы колхозшыларды егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға, партиямыздың XIX съезін лайықты табыстармен қарсы алуға шақырды.

Үгітшінің әңгімесінен кейін колхозшылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп бол-
шевиктік партиямыз бен кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа деген сүйіспеншіліктерін, жаңа бесжылдықтың жоспарын ой-
дағыдай жүзеге асыру үшін қажырлы ең-
бек ететіндіктерін білдірді.

— Мен съезд құрметіндегі бақтаға тұрып, — деді комбайншы Әлімбаев жол-
дас. — күнделік тапсырманы бір жарым есе орындаймын. Астық тазалаушы, ком-
байннан бастырылған астықты қыр-
ман басына тасушы колхозшылар көте-
ріңкі міндеттемелер алды.

Егіншілер сөздеріне берік. Комбайншы Әлімбаев жолдас соңғы үш күнде «Сталин-
ең—6» комбайнымен 80 гектар егін өріп, 700 центнерден астам астық бастырды. Ал, қырмандағы астық тазалаушы колхозшылар осы мерзім ішінде мемлекет



ЛЕНИНГРАД. Киров атындағы заводтың көптеңгі өндірісшілері, механикалық цехтың мастерлері В. Д. Ильин және А. Г. Зорин жолдастар «Москвич» автомашинасын сатып алды.

СУРЕТТЕ: В. Д. Ильин (сол жақта) және А. Г. Зорин жолдастар жұмыс аяқтағаннан кейін өздерінің машиналарымен заводтан шығып бара жатыр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫСЫ ТҮГЕЛ ОҚИЙТЫН ЗАВОД

ХАРЬКОВ, 2 сентябрь. (СОТА). Коллективтік стахановтық еңбектің кәсіпорны — велосипед заводында кешке жұмысшы жастардың жаңа кешкі мектебі ашылды.

Заводтағы жұмысшылар түгел оқиды деуге болады. Көптеген стахановшылар, шеберлер, техниктер сырттан және кешке оқитынын біта және жоғары оқу орындарына

Табыс кілті—жаңалық әдісті қолдана білуде

Киров заводының слесары И. Акушевпен әңгіме

Мен Киров атындағы заводта 1952 жылдың февраль айынан бастап қана жұмыс істеймін. Заводқа орналасысымен өндіріспен жете танысуға тырыстым. Өйткені, өндіріспен таныспай тұрып, бөлшектің жасалу жолдары саған күңгірт болып көрінеді. Сондықтан, ең алдымен, заводтың барлық цехтарын араладым. Өзірлеу, өндіріс және құрал-саймандар цехында болдым. Алғашқы уақытта жұмыс процесінде біраз қиыншылықтарға кездестім, өйткені, мен істейтін жерде бөлшекті қалай жабдықтау, әзірлеу керек екені жөніндегі технология болмады. Бөлшекті қайтсе жылдам әзірлеуге болатындығын көрсететін арнаулы технология болғанда ғана әрбір адамның жұмысы нәтижелі болатыны өндірісте істейтін жұмысшылардың барлығына белгілі.

Бөлшек әзірлеудің мерзімін бірнеше есе көбейту жөнінде өз жұмыс тәжірибеммен мысал келтірейін. Маған электроводтың бөлшекті токарь станогінде әзірлеу тапсырылды. Ол үшін план—шайбіге бекітетін 4 болт жасап шығару қажет. Бұл жұмысқа бұрын әдетте толық бір күн кететін. Ал, мен осы жұмысты фрезер станогінде 2 сағат ішінде атқарып үлгердім. Әрине, бұл үшін цехта не бөлімшеде керекті жабдықтың болуы шарт.

Жұмыс тәжірибемнен тағы бір мысал келтірейін. Біразға дейін бізде тегістеп жою станогі пайдаланылмай босқа тұрды, керекті бөлшектерді оқта-текте ғана тегістеп, өңдеп жүрдік. Оның үнемі жұмыс істеуін ешкім қарастырмады. Мен бұл станокты цехтың басшыларының және партия ұйымының көмегі арқасында іске қосып, үнемі жұмыс істейтін еттім. Бұл жөніндегі өзімнің іс тәжірибемді жас слесарь Богдановқа үйреттім. Әрбір бөлшекті мінсіз сапалы етіп шығару үшін көп ізденіп,

көп оқу керек болды. Бұл жөнінде көмек мол ұйымы маған көп көмек көрсетті.

Бөлшекті даярлауға кіріспестен бұрып станок механизмдерінің дұрыс жұмыс істеуін, өлшеу аспаптарын, кескіш саймандарды алдын ала тексеріп алу қажет.

«Өндірістік тапсырманы ойдағыдай орындау ісінде жұмысшы орнын әзірлеу үлкен роль атқарады. Кей уақытта, жұмысқа керекті кілт құлжылар не болмаса тағы бір сайманның қалай болса солай кез келген жерде жатуына біз мән бермейміз, ондай ұсақ-түйектен жұмысқа ешқандай кедергі келмейді деп ойлаймыз. Бұл дұрыс емес. Анығында керекті сайманның бетімен жатуынан жұмысқа өте көп зиян келеді.

Кей уақытта менен жолдастарым: «Станокты жұмысқа қалай тез әзірлеп қоясың?» деп сұрайды. Ал, мұның барлығының «жасырын» сыры мынада: өзіңе керекті металл кесетін саймандарың, сызғыш пен кілттерің өзіңнің арнаулы орында болуға тиіс. Демек, дөрекілеу тілмен айтқанда олар сен көзіңді жұмып тұрып та тауып ала қоюына болатындай жерде тұрсын. Кезінде керекті саймандарды тәртіпке келтіру жөнінде біздің заводта арнаулы мәселе қаралды. Осыдан кейін әрбір жұмысшыға сайман салатын жәшік жасалынып берілді. Еңбек өнімділігін арттыруда мұның да көп пайдалы болды.

Мен кәзір кешкі механикалық техникумда оқып жүрмін. Күнделікті жұмысым да цехтың технологі мен шебері көмектесіп отырады.

Партияның XIX съезі құрметіндегі специалистік жарысқа қосыла отырып, өзіме жаңа көтеріңкі міндеттемелер алдым. Ол міндеттемелерімді аброймен орындап шығатынымна сенімім зор. Бұл мақсатымды жүзеге асыруға көп іздену, озаттардан үйренуім керек.

сында мастерскайдің күзгі және қысқы трактор жөндеу жұмысына әзірлігі жөнінде мәселе қаралды. Партия жыйналысы тракторларды жөндеу жұмысына әзірлікті 1 октябрьге дейін аяқтау жөнінде қаулы алды.

үшін съезд алдындағы документтер оқып, әлде-бір дауыстап газет оқып, әлде-бір әзір жүр. Партияның XIX съезіне арналған документтер совхоз еңбекшілері арасында өндірістік және саяси жаңа өрлеу тұғызды.

Газет оқушының сұрағына жауап

ОҢШЫЛ-СОЦИАЛИСТЕР ДЕГЕНДЕР КІМДЕР?

«Ленин туы» газетін оқушы — Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозында тұрушы Құрман Қалиев жолдас: «Оңшыл-социалистер деген кімдер?» деген сұраққа жауап беруді өтінді.

Төменде К. Қалиев жолдасының сұрауына жауап береміз.

Оңшыл-социалистер марксизмнің қас жаулары. Олар жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агенттері болып табылады. Өткен ғасырдың аяқ шенінде реформашыл социалистердің идеологі Эдуард Бернштейн Маркстің іліміне «ревизия» жасап, өзіне «демократиялық» жолмен социализм құрудың идеологиялық негізін жасамақ болды. Осы Бернштейннің жұмысшы қозғалысымен ешқандай байланысы жоқ сандырақ теориясы, соңынан оңшыл-социалисттердің ресми теориясына айналды. Олар тап күресі жұмысшы қозғалысына хажеті жоқ нәрсе, өндіріс күштерін қоғамдастыру оны соңынан «қыйрауға» әкеп соғады, жұмысшылар мен буржуазияның арасында бейбітшілік одақ болуы керек, революция жасау зиянды нәрсе, сөйтіп, бейбіт «демократиялық» жолмен социализмге жету керек деген қыйсына сүйенді.

Оңшыл-социалистердің мұндағы көздеген мақсаты «демократияны сақтау» деген ұранды бетке ұстап, жұмысшы табын буржуазияға бағындыру, сөйтіп, буржуазияға жұмысшыларды экономика, саяси жағынан толық құл ету еді.

Марксизм іліміне жасаған Э. Бернштейннің «ревизиясын» кейіннен II-Интернационалдық теоретиктері Каутский, Гильфердинг, Бауэр тағы басқалары қолдап, марксизм мен жұмысшы табы ісіне опасыздық жасаумен бола берді.

II-Интернационал өмір сүрген дәуірде (1889 жылдан 1914 жылға дейін) капитализм бейбіттеу жолмен дамыды. Осы кезде жұмысшы қозғалысы да өсіп, нығая түсті. Бірақ, социалистер партиясының көптеген көсемдері жұмысшы табын революцияға шақырмады, өйткені, олар революцияны тілемеді. Олар 1914 жылы дүниежүзілік соғыс басталғанда жұмысшы табына опасыздық жасап, ашықтан-ашық буржуазия жағына шықты. Олар империалистік соғысты соза беруді, басқаның елін басып алуды, әр елдің жұмысшылары өз елін қорғау керек дегенді қарыса жақтап, буржуазияға көмектесті, социализм ісіне опасыздық жасап, ашықтан-ашық жұмысшы табы жауларының жағына шықты. Бірінші империалистік соғыс жылдарында тек большевиктер партиясы ғана империалистік соғысқа батыл қарсы шығып, соғыстан шығуды халыққа бірден-бір дұрыс жолын көрсетті және оның мемлекеттік думадағы депутаттары соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. II-Интернационал партияларының ішінде оппортунизмнің күшеюі оның маскара болып күйреуіне әкелін соқты.

Оңшыл-социалистер буржуазияның халі мүшкіденіп бара жатқан жағдайда буржуазияға ылғый көмектесіп отырды. Бәзіргі жағдайда, империализм лагерінің ішкі қайшылықтары шиеленісуі асқынды.

жолымен, олардың күн санап өсіп отырған белсенділіктерін қолдап келеді.

А. ЗДОРЬЕВ,

Бозышом совхозы партия бюросының секретары.

отырғанда, капиталистік системаның құлдырап бара жатқан жағдайында, олар тағы да еңбекші халыққа опасыздық жасап, империалистік буржуазияның тікелей қолшоқпары болып отыр. Капиталистік елдердегі оңшыл-социалистер жалғыз өз елі буржуазиясының агенті ғана емес, сонымен қатар, жұмысшы қозғалысындағы американимперализмінің жалдамалы малайларына айналып кетті.

Олардың «демократиялық социализм» деген теориясы, сонан соң бытырғы жылы құрылған «Социалистік интернационалдың» қабылдаған платформасы тек қана американимперализмінің агрессияшыл саясатын бүркемелеуге арналған идеологиялық құрал болып табылады. Сондықтан да АҚШ-тың бір ірі монополиясының өкімі капиталисті Аверелл Гарриман «Батыс Еуропа елдерінің социалистері — АҚШ-тың ең жақсы одақтастары» деп мойындайды.

Оңшыл-социалист партияларының басшылары қай елде болсын империалистерге жаңа соғысты әзірлеу ісін жеңілдету үшін жұмысшы қозғалысына, жұмысшы табының бірлігіне үнемі іріткі салумен келеді. Англияда лейбористер партиясының басшылары «капитализм жағдайында социалистік қоғам орнатамыз» деген теориясымақпен өзінің сатылмыштық кейін бүркемелеп, Англия экономикасын ауыр жағдайға ұшыратты. Лейбористер партиясы басшыларының өкмет басында болған уақытындағы ішкі және сыртқы саясаттың қазіргі соғыс өрті тұтатушы Черчилль бастаған өкметтің ішкі және сыртқы саясатынан айырмашылығы бағдеуге болмайды.

Франциядағы оңшыл-социалистер француз халқының бейбітшілік пен демократия үшін күресте сыналған басшысы коммунист партиясына қарсы ашық күрес жүргізіп, американдық тұрмыс салтты

меткерлері пароходтың экипажына А. И. Радищевтың өмірі мен қызметіне арналған үлкен фотокөрме танырды. Бұл көрме көменің қызыл мүйісіне орналастырылды. (СОТА).

мадақтауда, американимпералистерінің жетегіне еріп отырған француз буржуазиясының өкметіне жаңа соғыс әзірлеу ісінде жанталаса көмектесуде. Социалист Мутә отар ісі жөнінде министр болып қызмет істеген кезінде Вьетнам халқы қырғын соғысқа дұшар етті. Америкада социалистер американимперализмінің агенттері ретінде, өкмет орындарына агрессияшыл саясатын жүзеге асыру ісінде барынша көмектесуде.

Қорыта айтарымыз, оңшыл-социалистер дүниежүзілік реакцияның орталығы болып отырған АҚШ империалистерінің жұмысшы қозғалысындағы агенттері, социализм мен демократияның қас жаулары болып табылады.

Сондықтан да В. И. Ленин 1916 жылдың күзінде оңшыл-социалистерге қарсы қатты күрес ашпай тұрып империализммен, марксизмнің жауларымен күресу мүмкін емес деп атап көрсетті.

Капиталистік елдердегі коммунист партиялары, барлық прогресшіл күштер, социализм ісіне опасыздық жасаушы, империализмнің малайлары — оңшыл-социалистерді жұмысшы табы алдында аяусыз әшкерелеп, оларға қарсы батыл күрес жүргізуде. Барлық елдердегі коммунист партиялары және жұмысшы партиялары бейбітшілік және демократия үшін қажырлы күрес жүргізу үстінде оңшыл-социалист партияларының жұмысшы табына, халыққа қарсы жүргізіп отырған опасыздығын, шын мәнінде бұқара алдында толық әшкерелеуде. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен еңбекшілер оңшыл-социалистердің кім екендіктерін және жұмысшы табының бірлігін, оның бейбітшілік пен демократия үшін күресте жеңіске жету үшін оңшыл-социалистерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізбейінше болмайтындықтарын түсінуде.

Қ. ШӘКЕНОВ.

тапсырманы с алық мүмкінші тан, кәсіпорн 15 күні ішін лима жасап шығарылған танғысыз бол брикаға 894 қайтаруы, м

Мұнда өні масы үнемі 1 август кү

Баия село Преснов ауд ның бірі бо нында бірне бар. Бөлімш ышлардың іс мының жою келеді. Совет өрістен, үзд көріп отыр. қоғамының вар айналы 400 мың со мың сом жө ғымен орын

Тұтынуші 15 түрлі ш 13 түрін к йылады.

Елімізге ра металл. қара металл тонна жый орын алды. бірінші ж 45 мың со

Совет с дейтін кө қалып, оны Бұл жерді ұып алына қамысты ұз етіп тұрап,

К дайындауды тез арада аяқтап, ікты тарту әзірлейік!

а тиіс, өркен деген екі шебі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға, техникалық, жемшөп, овоощ
рлым жоғары болуға тиіс.
П Орталық Комитетінің «Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға
ған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» жобасынан.



мбайшысы Г. Семенов жолдас үстіміздегі жылы «Стали-
күн сайын 40—50 гектардан егін орып, 3 мың центнерден

ы Г. Семенов және оның көмекшісі А. Коломиец жолдас
Суретті түсірген А. Розенштейн.

орман басында

а қандай қызық! калай, — деп егін бригадасының бригади-
рі Төлебаев жолдасқа әзілдей сөйледі.
— Қанша артсаңыз да астық жетеді, —
деді ол. — тек тасый біліңіз. Біз бүгін
кабылдау пункттеріне график бойынша

Еңбек үлгісі

Киров атындағы колхоздың (Полудень
ауданы) колхозшылары егін жыйнауда
еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Осының
нәтижесінде колхозда егін жыйнау аяқ-
талуға жуық отыр. Егін жыйнауда, әсер-
ес, комбайншылар үздік табыстарға жетіп
келеді.

А. Мицих жолдас «Сталинец — 6» қос
комбайнымен бір күнде 50—55 гектар
жердің егінін орып жүр. Ол егін орағы
басталғалы 800 гектардан астам егін
жыйнап, 250 килограмм жанар майын
үнемдеді. Осы сияқты, комбайншы
Штундр жолдас та өзінің жүретін
комбайнмен күндік тапсырмаларын 150
—170 проценттен орындап жүр.

Колхозда 4 қырман бар. Бұлардың бар-
лығында дерлік астық тазалау, мемлекет-
ке астық тапсыру жұмыстары күні-түні
бірдей жүргізілуде. Қырмандағылардың
басым көпшілігі күндік тапсырмаларын
толық орындайды. Царик, Бектұрғанова
және басқа да колхозшылар күн сайын
70 центнер орнына, 80—90 центнерден
астық тазалап жүр.

Дайындау пункттеріне астық тасуда
шофер Д. Калашников жолдас та жоғары
көрсеткіштерге жетуде. Ол дайындау
пункттеріне «ГАЗ—51» автомашинасымен
күніне 120—130 центнерден астық жет-
кізіп жүр. Машинаға астық тиеуде және
түсіруде Громницкая және А. Шкопенко
жолдастар қажырлы еңбек етуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Соңғы күндері

БК(б)П-дың XIX съезінің шақырылуы

Жақан СЫЗДЫҚОВ

Он тоғыз

(Партияның XIX съезі құрметіне)

Үстінде:

Жер шарының
Зулады жел.
Күш тасып,—
Толқыны мен ағыны
Күркірей теңіз ұштасып,
Басталды бір зор тоғыс.
Құрметіне:

XIX.

Соғылған берік.

Гранит
Достығы елдің,
Өркендеп.

Жымдасқан тұтас монолит,
Кернеген ұран жер мен кең,
Басталды ұлы бір тоғыс,
Құрметіне:

XIX.

Мұнай шапшып,

Жер бусап,
Үйілді кендер шахтада.
Бейне армия лекке ұсап,
Стахановтық вахтада
Ұласты,

Қызып зор тоғыс,
Құрметіне:

XIX.

Шашырап таңның арайы,
Қызыл гүл басын былғапты..
Коммунизм сарайын
Шыныққан қолдар ориатты;
Жаңғырып ұран
Зор тоғыс,

Құрметіне:

XIX.

Бесжылда
Ғасыр шеңберін—
Шегендеп, қолдан неміз,
Қүлімдеп карап елге күн,
Алқалап күнді сүйеміз.
Шарықтап ұн,
Зор тоғыс,

Құрметіне:

XIX.

Отанның шалқып тасыған,
Айбынды тұтас күшіне
Жалғасты жігер,
Осы ұран:
Елдің байтақ ісіне,
Басталды ұлы,
Зор тоғыс,
Құрметіне:

XIX.

Топтандық көсем маңына,
Көтердік туды шыңға біз.
Коммунизм залына
Түседі нұрдан шұғыламыз!
Табысым—алуап,
Сан-қия,
Жүрегім, алар тынысым,—
Шырқатқан шыңдап партия,
Жан да,
Ар да сен үшін!
Шалқыған шаттық,
Зор тоғыс!
Қарсы аламыз:
XIX!

Екі өлең

І. ДОС

(Москва университетінде кездесу)

Кәдімгі, қарапайым жанның бірі—
Қасқылып алда тұрды —халық ұлы.
Қанық ем мен де көптен от сөзіне
Танданып өзім сенбей өз көзіме,
Жасаурап екі көзім толады да,
Бір түйін тығылғандай тамағыма,
Жүректің тұтқындалып сезіміне

Мінбеге ақын өзі көтерілді,
Жарқылдап сөйлеп кетті көтере үнді.
Азамат тіліндегі ең құрметті,
Шынайы, достың сөзің күн сәулетті
Айтты ол:
—Сендерді мен сүйемін! —деп.
Бұл сөзге елжіремес қандай жүрек?!

үздіксіз жұмысқа қосылуда. Мұның өзін комбайншыға егінді тез және сапалы жыйнауға қолайлы жағдай туғызып отыр. Сондықтан егін жыйнауадағы жоғарыдағыдай табысқа комбайншымен бірге тракторшы да ортақ.

А. ИБРАГИМОВ.

бүгінгі оны да комбайн машинаға астықты күндегідей тоқтаусыз артып, элеваторға тез оралу. Қырмандағы ұшан-теңіз болып тазартылған астықты көре-тура ол:

—Тазартылған астықтарын жоқ қой. Менің элеваторға тез оралуым керек. Бұл

нәтижесінде колхозда мемлекетке астық тапсырудың күндіз, бескүндік графигі ойдағыдай орындалып келеді.

М. ӘНІМЖАНОВ,
ПРЕСНОВКА. (Өз тілшіміз).

жыйнаудың бескүндік графигін орындап жүр. Соңғы бескүндікте Бупия жолдас 260 гектар жердің егінін жыйнады.

Б. МҰСТАФИН.

Бірінші парызды аброймен өтедік

Көменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді мінсіз орындау жолындағы социалистік жарысқа жатпай ұштаса отырып, совхоз коллективі мемлекетке астық тапсыру жоспарын 1 сентябрьге, егін жыйнауы 5 сентябрьге дейін толық аяқтауға міндеттенген болатын. Егін жыйнауа және астық дайындауда күнбе-күн қажыраы еңбек етіп, егіншілер өздерінің бұл міндеттемесін аброймен орындап шықты. 31 августа совхозда мемлекетке астық тапсыру жоспары толық орындалды.

Біз бұл табысқа қалай жеттік? Егін орағын табысты өткізу еңалдымен, комбайн агрегаттарының үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты. Осыны еске ала отырып, барлық комбайндарды егін жыйнауға үлгілі әзірледік. Олардың әрбір смена сайын өнімді жұмыс істеуінің нақтылы шараларын белгіледік. Барлық комбайндар, осы сыяқты, комбайн тіркелетін тракторлар да түнде жұмыс істеу үшін электр жарығымен қамтамасыз етілді. Мұның өзі егінді екі сменада жыйнауға мүмкіншілік туғызды. Осының нәтижесінде бүкіл егін орағы бойына әрбір комбайн күн сайын 18—20 сағаттан жұмыс істеді.

Комбайншылар өз комбайндарын ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстап, бүкіл тәулік бойына өнімді жұмыс істеді. Осының арқасында комбайншылардың басым көпшілігі егінді әрі тез, әрі көп жыйнап, күндік норманы 170—200 процент орындауға жетісті.

Мұндайлардың қатарына № 1 бөлімшенің комбайншысы Г. Симоненко жолдасты қоюға болады. Ол быйылғы маусымда

комбайнмен егін жыйнауа бұрын-соңғы болып көрмеген табыстарға жетті. Шебер комбайншы тіркеудегі «Сталинец—6» көс комбайнмен 23 жұмыс күні ішінде 900 гектар жердің егінін жыйнап, мыңдаған центнер астық бастырды. Мұнымен бірге, ол егінді жылдамдатыған әдіспен жыйнап, комбайнның жұмыс істеуін мейлінше жақсартты. Көптеген жанар, жағар майын үнемдеді. 23 жұмыс күні ішінде ол 510 килограмм жанар, жағар майын үнемдеп, онымен жұмыс істеді.

Комбайнмен егін жыйнауа табысты еңбек еткендердің бірі—К. Гайворонский жолдас. Ол да тіркеудегі көс комбайнмен 20 жұмыс күні ішінде 820 гектар аланның егінін жыйнап, 700 килограмм жуық жанар майын үнемдеді.

Осы сыяқты, комбайншы М. Омаров жолдас та өз комбайнын үздіксіз жұмысқа қоса білді. Оның күндік нормасы — 25 гектар жердің егінін жыйнау болды. Сөйтіп, ол маусымдық тапсырманы едәуір асыра орындап шықты. Қысқасы егін жыйнауға қосылған комбайндардың барлығы дерлік егін жыйнауға өнімді пайдаланылды. Комбайнмен егін жыйнауа күндік норманы орындамаған бірде-бір комбайншы болған жоқ.

Егін жыйнауа № 2 және № 3 бөлімшелердің комбайншылары стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп, жоғары көрсеткіштерге жетті. Бұл бөлімшелердің комбайншыларының басым көпшілігі күндік норманы үнемі артығымен орындап отырды. Осының нәтижесінде астық дайындаумен бірге, егін жыйнау да толық аяқталды. Егін жыйнау басқа бөлімшелерде де таяудағы күндердің ішінде аяқталғалы отыр.

Комбайн агрегаттарының толық қуатымен жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіншілік туғызған бір жағдай сол—бункердегі астық комбайн жүріп бара жатқанда машиналарға, арбаларға тиеліп, қырмандарға үздіксіз тасылады. Бұл арқылы комбайншылар жұмыс уақытын үнемдеп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетісті.

Егінді тез жыйнаумен іс бітпейді. Істің табысты болуы бастырылған астықты тазалау және оны дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуында. Бұл астық дайындаудағы ең күрделі міндет. Сондықтан біз бұл жұмыстарды да мүмкіндігінше үздіксіз жүргізуді қарастырдық. Егін орағының алғашқы күндерінен бастап, астық тазалауға және оны қабылдау пункттеріне жөнелтуге озат егіншілерді бөліп, олардың әрқайсысына күндік, бескүндік нормалар тағайындап бердік. Оның орындалуын күнбе-күн бақылап отырдық. Мұнымен бірге, астық тазарту және астық тиеу жұмыстары түгелге жуық механикаландырылды.

Мәселен, астық тазартуға 8 зернопулт, 3 күрделі веялка және басқа да дән тазалайтын машиналар қосылып, олар күн сайын өнімді жұмыс істеді. Бұлармен смена сайын жүздеген центнер астық тазартылып отырады. Қырмандарда астық тазалау екі сменада жүргізілді. Астық тазартушылар БК(б)П-ның XIX съезі құрметіндегі вахтаға тұрып, күндік нормаларын ұдайы артығымен орындаумен болды. П. Негяго, М. Негуляева және М. Жаркова сыяқты егіншілер бір күнде біржарым, екі норма орындап, жақсы нәтижелерге жетті.

Астық дайындау жұмыстарының негізінен механика күшімен атқарылды делік. Машиналарға астық механика күшімен тиелді. Бұл арқылы астық тиеуге қететін

уақытты едәуір қысқарттық. Қай бөлімшеде болсын машиналарға астық 6—7 минут ішінде тиеліп отырды. Міне, осының барлығы астық дайындау жұмыстарын жедел қарқынмен жүргізуге қолайлы жағдай туғызды. Мемлекетке астық тапсырудың бескүндік графигі ұдайы артығымен орындалды.

Атап айту қажет астық дайындаудағы мұндай табысқа совхоз коммунистері де өз үлестерін қосты. Олар үнемі жұмыстың нешүші участоктерінде қолма-қол еңбек етіп, оған нақтылы басшылық жасады, үгіт-бұқаралық жұмыстарын кеңінен жүргізді. Сөз жоқ, бұл егіншілер арасында еңбек өнімділігін арттырып, жұмысқа жаңа қарқын туғызып отырды.

Біз мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын толық орындаумен қанағаттанып отырғанымыз жоқ. Совхоз егіншілері мемлекетке жоспардан тыс 100 мың пұт астық тапсыруға міндеттеніп отыр. Бұл міндеттемені де аброймен орындап шығатынымыз сөзсіз. Астық дайындау жоспарын орындағаннан кейінгі күні мемлекетке жоспардан тыс 20 мың пұттан астам астық өткіздік.

БК(б)П-ның XIX съезі құрметіндегі вахтаға жатпай тұрып, совхоз коллективі егін жыйнау мен астық дайындауды үлгілі аяқтаумен бірге, басқа да ауылшаруашылық жұмыстарын мейлінше тыңғылықты жүргізеді. Бұл жұмыстар атап айтқанда, зыбь жырту, мал қыстатуға әзірлік кәзірдің өзінде қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Выйығы ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрін табысты аяқтап, көменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді мінсіз орындап шығамыз.

П. ЧАУСОВ,

Совет астық совхозының директоры.

Мұқанов жолдас барлық бағалар алды. Мұнда оның алғаш

Аға

БЛКЖО-ның буындарға нәр вокать ерекше ата-гикалық бі-йыналған-ғы жұмыс-Сондықтан-гикалық п-ладық ино-мол комит-отырады. Жұырда-ладағы ме-ларының

«Баян» ны) оқыт-ры егін-тапсыруды Оқытуш-центнер орында

ЖҰ

Облыс-гідей қа-мектеп-бастады. Оқу-директор-оқытғы-оқу жы-ған мін-сы тур-Мұнд-шы-жа

ық шолу

иң барлық халқы
ын барлық күші-
ені бұл ұсыныс
ждыққа ұшырап
идер мен балалар-
жететін үміт бе-

атиялық баспасө-
әселесіндегі әділ
ттердің жалған,
ама- қарсы қойып
нотасы, — деп
иалистік «Аван-
оні мен мазмұны
атты құрметтеу
у сатушы моно-
ғы нацистік ге-
равада келіссөз-
истік үш үкмет-
мүлде өзгеше...

американ баспа-
и, совет ұсыны-
ық пікірін ал-
ық жалпы келіс-
туын, бітім до-
артуын халық-
көздеп жанта-

«Таймс» газеті
«Батыс мемле-
т ойланған...
қайта қарулан-
тармауға әрекет
де тура келе-
екеттердің Ба-
е де өздерінің
яруды, оны ел-
ып әкеуді, бі-
лы қандай да
көздеп отыр-
пе! Бұл жөнін-
юлушысы Хай-
қ жазып, «төрт
стың қорғаныс
ұшыратқан бо-
атыс Германия-
атлантикалық
аристерін ду-

түстік бөлегінде Вьетнам Демократиялық Республикасы құрылды. Ағылшын-амери-
кан-француз отаршылары бастаған соғыс-
пен интервенцияның ауыр жағдайла-
рына қарамастан, Вьетнам халқы еңбек
партиясының (ЛАО-ДОНГ) және өзінің кө-
семі Хо Ши Миннің басшылығы арқа-
сында соңғы жылдарда жаңа тұрмыс ор-
натуда үздік табыстарға жетті.

Вьетнамда нағыз демократиялық, ха-
лықтық өкмет орнады. Вьетнам патриот-
тарының ең қалың бұқарасы біріккен
ұлттық Лъен-Вьет майданына айналған
халық қозғалысына бірікті. Революция-
лық өзгерістерді жасауда және импери-
алистерге қарсы күресте еңбек партиясы-
ның бастауымен ұлттық өндірісті едәуір
ұлғайтқан Вьетнамның жұмысшы табы
авангард болып отыр. Елдің халқының
негізгі бөлегі болып табылатын Вьетнам
шаруалары жер алды.

Демократиялық өзгерістер бұрын күң
дәрежесінде болған Вьетнам әйелдерін бұ-
ғаудан босатуды қамтамасыз етті, елді
орасан зор мәдениет табыстарына, халық
ағарту және денсаулық сақтау ісін кү-
шейтуге жеткізді. Жас демократиялық
Республиканың экономикалық зор табыс-
тарының қатарына сан алуан өзендерде-
гі плотиналарды қорғау және нығайту
жұмысы қосылады, ал мұның егіншілік
үшін бірінші дәрежелі зор маңызы болып
отыр. Үш жылдың ішінде ғана Солтүстік
және Орталық Вьетнамда көлемі үш мың
километрден асатын өзен плотиналары,
көптеген өзен дамбалары мен ирригация-
лық құрылыстар жөнделді. Осының бәрі
ауылшаруашылық өндірісін өркендетуді
қамтамасыз етті.

Француз империалистері Вьетнам хал-
қына қарсы «жиреністі соғыс» жүргіз-
генімен, Вьетнам халқын отарлық құл-
дыққа қайта түсіруге дәрмені жетпей
отыр. Олар АҚШ империалистерінен кө-
мек сұрауда. Ал АҚШ империалистері
француз оккупанттарының халі мүшкіл
екенін көріп, француз отаршылдарын
Вьетнамнан ығыстыруды және бұл елді

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 сентябрь. (СОТА). Корея
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиясі 2
сентябрьде былай деп хабарлады:

Корея Халық армиясының құрамалары

ПХЕНЬЯН, 3 сентябрь. (СОТА). Корея
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиясі бүгін
Корея Халық армиясының құрамалары қы

тай халық еріктілерінің бөлімдерімен
бірлесе отырып, жергілікті маңызы бар
ұрыстар жүргізді.

Бүгін жау самолетін атқыштар дұшпан-
ның 2 самолетін атып түсірді.

тай халық еріктілері бөлімдерімен бірге
бұрынғы алып тұрған шептерінде қорғаныс
ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарла-
ды.

Американ өкмет орындары Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындарын әлі де жазалауда

ПЕКИН, 2 сентябрь. (СОТА). Синьхуа
агенттігінің тілшісі 1 сентябрьде Кэсоннан
былай деп хабарлады:

29 августа американ солдаттары Кочже-
до аралындағы соғыс тұтқындары лагерін-
дегі біздің жағымыздың 12 тұтқынның тағы
да жаралады. Американдар жариялауға
мәжбүр болған мәліметтерге қарағанда, 11
августтан бері 111 корей және қытай соғыс
тұтқындары өлтірілген және жараланған.

Женева келісімін бұзып, соғыс тұтқын-
дарын бұл сыяқты жазалау әрескел қыл-
мыс болып табылады және жалпы жұртты
қатты ызаландырады. Американ және ағыл-
шын агенттіктерінің хабарларына қараған-

да, февральдің орта шенінен августың ая-
ғына дейінгі уақыт ішінде американдар
900-ден астам соғыс тұтқынның өлтірген
және жаралаған. Американ цензурасынан
зорға өткен бұл мәліметтердің мүлде то-
лық мәліметтер емес екендігі айдан анық.
Американдар шпиондық істеуге күштеп
көндірген және осы мақсатпен Солтүстік
Кореяға жіберілген соғыс тұтқындарынан
алынған мәліметтерге, сондай-ақ біздің со-
ғыс тұтқындарымыздың хаттарына қараған
да, американдар осы уақыттың ішінде
1800-ден астам соғыс тұтқындарын өлтір-
ген және жаралаған.

Оңтүстік-Корея жастарының лисынманшылдар армиясына кісі алуға қарсы күресі

ПХЕНЬЯН, 3 сентябрь. (СОТА). Мин-
чжу Чосон» газетінің хабарына қарағанда,
Оңтүстік Кореяның жастары американ
империалистерінің жастарды зорлап май-
данға жөнелтуге әрекеттенуіне қарсы ба-
тыл түрде күрес жүргізуде. Қолда бар мә-
ліметтерге қарағанда, 14 август күні Оң-
түстік Чольа провинциясындағы Кванчжу
қаласында 1 мыңнан астам әскерге алын-
ғандар көтеріліс шығарып: «Әскерге зор-
лап кісі алу жойылсын! Американдықтар
Кореядан тайып тұрындар! Ұлтқа опас-
та»

дық жасағандар жойылсын!» деген ұран-
дар көтерген.

Лисынманшыл полицейліктер көтеріліс
шығарғандарға оқ жаудырған, бірақ, әс-
керге алынғандар полицейліктердің қаруын
тартип алған. Сөйтіп, әскерге алынғандар-
дың көпшілігі тау арасына партизандарға
кеткен. Полицейліктер мен Кванчжуге кел-
ген лисынманшыл армияның бөлімі қала-
да қалған әскерге жаңа алынғандарға
жан түршігерлік зұлымдықтар жасаған.
Олардың ішінен 50 адамды өлтірген және

СОВЕТ ШАХМАТШЫЛАРЫ ХЕЛЬСИНКИДЕН ҚАЙТЫП КЕЛДІ

Х шахмат олимпиадасына қатысқан жо-
не шахмат жөнінде дүниежүзілік чемпион
атағын жеңіп алған совет шахматшылары
ның командасы 2 сентябрьде Хельсинки-
ден Москваға қайтып келді.

ССРО командасының капитаны грос-
мейстер А. Котов СОТА-ның тілшісімен
өңімелескенде мынаны айтты:

—Хельсинкиде өткізілген Х шахмат
олимпиадасына 25 елдің командасы қатыс-
ты. Күрес аса күшті және ауыр болды.

Туған астанамызға қайтып келіп, біз
бұл күресте Совет Одағы командасының
аса қыйып жарыстан аброймен шығып,
бірінші орын алғанын, соның нәтижесін-
де шахмат жөнінде дүниежүзілік чемпион
атағын жеңіп алғанын қуанышпен айтып
рапорт береміз. ССРО командасы бірде-бір
кездесуде ұтылған жоқ.

Совет шахматшыларының дүние жүзін-
дегі ең күшті шахматшылар екенін шетел
баспасөзі атап көрсетті. Ендігі жерде со-
вет шахматшыларының жеке өкілдері та-
на бірінші орын алып отырған жоқ. Олар
командалық жарыста да жеңіп шықты.
Мұның өзі советтің шахмат мектебінің жа-
на жеңісі.

Отанымыздан тыс жерде болған кезіміз-
де біз совет шахматшыларының миллион-
даған армиясының өкілдері екенімізді,
біздің шахмат тақталарындағы күресімізді
барлық совет адамдарының бақылап отыр-
ғанын үнемі сезуде болдық. Осының өзі
біздерді күреске жігерлендіріп, біздің кү-
шімізді он есе тасытты. (СОТА).

ЖАНА ЖУРНАЛ

ССРО сауда Министрілігінің органы —
«Совет саудасы» журналының бірінші но-
мері басылып шықты. Бұл журнал озық
тәжірибені тарату және сауда кадрларын
тәрбиелеуді жақсарту мақсатын көздейді.
Журнал енадымен басшы қызметкерлер-
ге, мамандарға, сауда және қоғамдық та-
мақтану кәсіпорындарының жаңашылдары
мен рационализаторларына арналған.

Журналда қала мен селодағы сауданың

Британ тред-юниондарының конгресінде

МАРГЕТ, 3 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Британ тред-юниондарының конгресінің бүгінгі таңертеңгі мәжілісі жұмысшы қозғалысының көрнекті басшылары тұтқындаған Оңтүстік-африкан Одағы үкіметіне ыза-кек білдіретін қарарды бір ауыздан қабылдады.

Кино өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподағының бас секретары Джордж Элвин, осы қарарды қолдай келіп, Оңтүстік-африка Одағындағы көзіргі жағдай соғыстан бұрынғы гитлершіл Германияны еске түсірді деп мәлімдеді. Оңтүстік-африкан Одағының 11 миллион халқының 9 миллионы болмашы праволардың өзінен де айырылып, адамды түріне және нәсіліне қарай бөліп келекелейтін зұлымдыққа ұшырауда.

Электр өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының өкілі Лесли Кэннон өкмет орындары қошеметтеп отырған Малайядағы кәсіподақтарына ақша қаражатымен көмектесіп отырғаны үшін Генсоветті сынады. Бұл ұйымдар каучук және қалайы өндіретін ірі компаниялардың тілек-мақсаттарына сәйкес жұмыс істеп отырған генерал Беннлердің Малайядағы зұлымдық істеріне ешбір наразылық білдірмеген жал бектаушы ұйымдар болып табылады, деді ол. Көптеген басшылары ешбір сотсыз тұтқынға алынған, басшыларының біразы атылған. Бүкіл малайялық кәсіподақ федерациясын қайтадан қалпына келтіруді Генсовет талап етуге тиіс. Малайядағы былыққан соғыс, деді Кэннон, жүздеген ағылшын солдаттарының қыршынына қылып, Малайяның жерін жайпап, оның халқына жоқтық пен өлім себубе.

Генсовет баяндамасының белгілі бөлімін талқылау жөнінде Кэннон бірнеше рет

сөйледі. Бұл тақырыпқа ресми қарар қабылдауды ешкім ұсынған жоқ.

Конгресс, автомобиль жол транспортын национализациялауды жойып, оны жеке немденушілердің қолына қайтаруға ниеттеніп отырған үкметтің әрекетіне қарсы бағытталған қарар қабылдады.

Машина жасаушылардың біріккен кәсіподағының председателі Джек Таннер қысқаша баяндама жасады. Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталды.

МАРГЕТ, 3 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі) 3 сентябрь күні Британ тред-юниондары конгресінің делегаттары күндізгі мәжілісте британ кәсіподағы Генсоветінің айла-шарықтарына қарамастан, ағылшын өнеркәсібін және елдің мұқтажын өтеу жөніндегі құралды мұнан былайғы жерде национализациялауға шақырған қарар қабылдады. Председательдік етуші Дикин бұл қарарды дауысқа қойғысы келмейтіндігін мәлімдегенде және оны Генсоветтің қарауына беруді сұрағанда залда айғай-шу шығып, «Бұл тәртіпке жатпай-ты!», «Бұл уставқа қайшы!» деп, көптеген делегаттар орындарынан тұрып айғай көтерді.

Дегенмен қарар дауысқа қойылды. 4 миллион 542 мың адамның қолдауымен 3 миллион 210 мың адам қарсы болып қарар қабылданды.

Сол сияқты, конгресс киноөнеркәсібінің қызметкерлері одағы ұсынған қарарды да қабылдады. Ол қарарда елдің ішінде американ фильмдері көбейіп кеткендіктің нәтижесінде елеулі жұмыссыздыққа әкеліп соққан, ағылшын киноөнеркәсібіне үкмет көмегін ұлғайтуды талап еткен. Осымен конгресстің күндізгі мәжілісі аяқталды.

айқын ыспаттайды.

Б. ЛЕОНТЬЕВ.

МАРОККО ХАЛҚЫНЫҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША

ПАРИЖ, 2 сентябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Марокко коммунист партиясы саяси бюросының мүшелері Мохаммед Каукжи, Мишель Мазелла және бейбітшілік жолындағы белсенді күрескерлер — тағы басқа үш коммунист тұтқыннан уақытша босатылған.

Алдын-ала 8 ай түрмеде отырғаннан кейін Марокко коммунист партиясы орталық комитетінің мүшесі Мохаммед Хассун және тағы басқа сегіз коммунист түрмеден босатылған.

Марокко коммунист партиясының бір-қатар басшыларының түрмеден босатылуы ұлт-азаттық қозғалысының жеңісі екендігің айта келіп, «Юманите» газеті француз еңбекшілерін полициялық-жазалауды тоқтату және басқа патриоттарды түрмелерден дереу босату жолындағы күресте Марокко халқын қуаттауға шақырады.

АҚШ-ТА АЛЫМ-САЛЫҚТЫҢ КӨБЕЮІ ТУРАЛЫ РЕЙТЕР АГЕНТТІГІНІҢ ХАБАРЫ

ЛОНДОН, 2 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің Нью-Йорктегі тілшісі былай деп хабарлайды:

АҚШ-тың ұлттық өнеркәсіп конференциясы советінің кешегі берген хабарына қарағанда, корей соғысы, қарулану программасының шығындары және көзіргі мемлекеттік тағы басқа шығындар дүние-жүзілік екінші соғыстың нағыз қызу кезімен салыстырғанда көзір американдар жаң басына алым-салықты 22 процент артық төлеуде.

ФРАНЦИЯДА СОТ ҮКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ

ПАРИЖ, 2 сентябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, сот өкмет орындары «мемлекеттің ішкі хауіпсіздігіне қарсы қастандық жасады» деп айыптайтын Дранси (Сена департаменті) қаласы мәрінің көмекшісі Морис Нилес кеше адвокат Ледерманмен бірге сот тергеушісі Маркантониге барған. Нилес сол жерде ақ тұтқынға алынып, Санте түрмесіне жөнелтілген.

Адвокат Ледерман тергеушінің бұл әрекетін қарсы батыл наразылық білдіріп, Нилес полиция немесе сот органдарынан бірде рет ресми шақыру қағаз алмағандығын және полицияның айтқанындай жасы-

рынып қашуға тырығандығын мәлімдеді. Кеше кешке прокураннан кейін Морис Нилес тылған.

«Юманите» газеті Мутонда (Шаранга кезде адамдарды қарсы 8 мәрінің жариялады. Әртүрлі жататын мәрлер француз құрметтеуді талап е

ҚАЛА ІШІНДЕ ШӨП ҮЮГЕ ТЫЙЫМ САЛУ ТУ

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі атқару 1952 жылғы 11 августағы № 8 міндетті қарар

Өрттің болуына жол бермеу мақсатымен қала ішінде шөп туралы қалалық Совет атқомі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындарының басшылар- нұшілерге қала ішінде шөп үюге тыйым салынсын.

Мекемелер мен ұйымдардың арнаулы шөп сақтайтын жер- лардың бір бас қара мал үшін 5 күнге жетерлік ғана азық- етіледі.

2. Мұқтаж мекемелер мен ұйымдар үшін мына жерлерде- етілсін:

а) қаланың оңтүстік- шығыс бөлегі мен «Заготсено» шөп- б) Ой қаланың батыс жағында;

в) қаланың солтүстік-шығыс жақ бөлегі, ет-консерві комби- электр станциясынан әрі және елді пункттерден 100 метр қашы-

3. Кәсіпорындары мен мекемелердің өтінуі бойынша қалал- шаруашылық бөлімі аталған пункттерден шөп үюге жер бөліп- рілсін.

4. Бұл міндетті қарарды бұзған айыптыларға әкімшілік жол- ын айып салынады немесе бір ай мерзімге еңбек түзеу жұмыс-

5. Міндетті қарар баспасөз бетінде жарияланған күннен баста- үшіне кіреді және Петропавл қаласына қараған жерде 2 жыл- ды.

6. Бұл міндетті қарардың орындалуын бақылау милиция о- ішкі істер Министрлігінің мемлекеттік өрт бақылау орындарына.

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің председате

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің секретары

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, р- партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме